Бекітемін:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Меңгерушісі:

Баймолдина К.К ______

Келісілді:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Әдіскері:

Конопьянова А.К______________

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Мектепалды даярлық тобына арналған

ұйымдастырылған іс – әрекеттің циклограммасы

2024 – 2025 оқу жылына

Тәрбиеші: Сыдыкова Д.С

**Желтоқсан айы 2024жыл 1 апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі<br>02.12.2024 | Сейсенбі<br>03.12.2024 | Сәрсенбі<br>04.12.2024 | Бейсенбі<br>05.12.2024 | Жұма<br>06.12.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Жайлы жағдай жасап, әр баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау **(Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**)<br>Қабырғада ілініп тұрған стикерлер арқылы таңдау жасап, тәрбиешімен амандасу. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.<br>Желтоқсан айында болатын демалыс күндер туралы ақпарат беру. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау<br>«Апта дәйексөздері» Жылы киім тәнді жылытар, жылы сөз жанды жылытар. | | | | |
| | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Шағын ойын орталықтарында олардың еркін ойындарын ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)** | Жануарлармен ойындар (пазлдар), робототехника құралдары, шашка, бестемше ойындарын ойнату.<br><br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату)<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту **(бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>Жұмыс барысында күй тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру | Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату.<br><br>Балалармен жеке жұмыс.<br>**(танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)** | Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(көркем әдебиет)**<br><br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) Балалармен жеке жұмыс.<br>**(танымдық іс-әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және жалпақ табанды алдын алу жаттығуларын нығайту. Таныс дене жаттығуларын музыка | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әуенімен әсем және ырғақты орындауды үйрету. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.<br>(**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>«Жүректен жүрекке»<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Балалардан сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру.<br>Қыс туралы не біледі? Қысқы киім түрлері? Қысқа дайындық бойынша не біледі және не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Қыс мезгілінің ерекшеліктері»<br>Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы фильм көру. Көрген фильмде не таныды, не көрді сұрау.<br>Міндеттері: Ойын арқылы фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасату.<br>ыс ыс ыс келіп жетті қыс | **Көркем әдебиет**<br>«Жыл басына таласқан жануарлар»<br>Мақсат-Міндеттері: ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуды, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуін дамыту.<br><br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>«Қыс қызығы»<br>Мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Міндеттері: сөз құра дидактикалық ойынын ойнаты. Суреттерге қарап сөз. Сол сөздерден сөйлем құрау.<br>Қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен | **Музыка**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**«Бұл не дыбыс»**<br>Мақсаты: ойыны арқылы бір дыбысты бір дыбыстан және сөздің басындағы дыбысты ажыратып айтуын үйрету.<br><br>Міндеттері:Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). | **Көркем әдебиет**<br>«Кәрі аяз бен жас аяз»<br>Мақсат-Міндеттері: ертісін кітаптан оқып беру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін бала қалай қабылдағаны туралы айтуды, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуін дамыту.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Ғажайып қоржын»<br>Мақсаты: қоржыннан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ар ар ар жауады қар<br><br>**Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру:* сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау:* әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;<br>*Секіру:* бір аяқпен және қос аяқпенқұрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр)<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:* бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу<br><br><u>Қимылды ойын:</u><br>Атбақыл<br><br>**Математика негіздері**<br>«Ғажайып қоржын»<br>Мақсаты: Ғажайып | **Сауат ашу негіздері**<br>«Қыс мезгілі»<br>Мақсаты: Әр түрлі суреттер бар карточкаларды балаларға таратып беру. Өз бетінше суретті әңгімелеу.<br>Міндеттері:Сөз және сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкісызықтарды үзбей салуды дамыту.<br><br>**Сурет салу мүсіндеу жапсыру,құрастыру**<br>Балаларды қалуы бойынша топқа бөлу.<br>«Жануарлар»<br>Мақсаты: Ертегі желісімен балалардың өз таңдауы бойынша жануардың суретін салу.<br>Міндеттері: Қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін | біркелкісызықтарды үзбей салуды дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру:* сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау:* әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;<br>*Секіру:*<br>алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:* бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу<br><u>Қимылды ойын:</u><br>Ханталапай | Артикуляциялық жаттығулар жасату.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>«Менің қысқы киімім»<br>Мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру.<br>Міндеттері: Қысқы киімдерді танып, атату. Оларды қалай және қай кезде киеді ккрсету, әңгімелеу. Сөйлемді дұрыс құрауын үйрету. Қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі сызықтарды үзбей салуды дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Техника құралдары»<br>Күнделікті қолданатын құралдар: ұялы | шыққан ойыншықтарды салыстыру, жиын жасау.<br>Міндеттері: Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін салыстыруды дамыту<br>Нүктелерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u><br><u>Негізгі қимылдар:</u><br>*Жүру:* сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау:* әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоржыннан шыққан ойыншықтарды салыстыру, жиын жасау. Міндеттері: Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін салыстыруды үйрету<br>Нүктелерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Шана»<br>Мақсаты: Шананың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауды меңгерту. Міндеттері: Балалардың алып келген шаналарын қарап, салыстыру. | қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалауды үйрету.<br><br>Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, қалауы бойынша жануардың мусінін мүсіндеуді үйрету.<br><br>Топтық жұмыс.<br>Ертегі желісі бойынша жануарлардың дайын пішіндерін қиып ретімен сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды, жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды үйрету.<br><br>Жануарлармен ойындар аясында құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. | **Қазақ тілі**<br>«Қыс қызығы»<br>Мақсаты: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>Міндеттері: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Терезеге қарап қыс туралы ойларын айтып, қыстың қызықты сәттері туралы әңгімелеу, ертегі құрастыру<br><br>**Математика негіздері**<br>«9 саны»<br>Мақсаты: Көрнекілік негізінде 9 санының пайда болуымен таныстыру.<br>Міндеттері:9 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>Нүктелерді салуға, тік | телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды менгерту. Міндеттері: «Қауіпсіздік ережелері» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Балаларға ережелердің белгілерін жасату. | допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр);<br>*Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:* бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу<br><ins>Қимылды ойын:</ins><br>Хан алшы<br><br><ins>Спорттық жаттығулар:</ins><br>Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оңжәне сол аяқтарымен сырғанауды. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналуды үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Жыл басына таласқан жануарлар»<br>Мақсат-Міндеттері: Ертегіні рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | | еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексаздан аққаланың мүсінін жасау, суретін салу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өз бетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойдан құрастыруға баулу **(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Терезеге қарап, қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы жеке әңгімелер жүргізу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балалардың далада қалдырған заттары туралы сұрау. Ол қалай өзгерді? Қалай көз алдына елестетеді сұрау. Қыс тақтапғын балалармен жеке жұмыс жасау арқылы жаттату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу. **(Шығармашылық іс-әрекет)** | Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттау.<br>«Боран<br>Уілдейді, гулейді,<br>Көзіңе түк ілмейді.<br>Ішін тартып,ышқынып,<br>Мен күштімін, біл» дейді».<br><br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Қыс мезгілі туралы қалауы бойынша сурет салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыру.<br>**(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.<br>**(бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>«Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін үстел үсті театры арқылы балалардың бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Ермексаздан қар түйіршіктерін жасату. Оны ұжымдық жұмыста пайдалану. «Қар жауады тынбастан» тақырыбында композиция жасату. **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуын дамыту | өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізе білуін дағдыландыру. | шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдануды қалыптастыру | тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөлісе білуін үйрету | ойын ашық айтып, өзінің пікірін білдіріп, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатауын дамыту |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қысқы ауа райының ерекшеліктерін бақылау. Күзбен қыстың айырмашылығын зерттеу. **(зерттеу іс-әрекеті)**<br>Қыс туралы көңілді әндерді тыңдап, еркін би қимылдарын жасату. **(Музыка)**<br><br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»<br>Еркін ойындар | Түске дейінгі серуенде алып шыққан сұйықтықтардың қатуын бақылау. Айырмашылықтарын анықтау. Және ертеңге дейін қалдырып, қандай өзгерістер болатынын зерттеу. **(зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойындар.**<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. | «Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру.<br><br>Қысқы орманды лего құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу **(танымдық іс-әрекеті)**<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Қимылды ойын<br>**Қыз –қуу** | Қимылды ойын «Қу түлкі»<br><br>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»<br><br>Бақша ауласындағы ағаштарды бақылау.**(танымдық, еңбек іс-әрекет)**<br><br>Қимылды ойын<br>**Түйілген орамал.** | Қимылды ойын «Қармақ»<br>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»<br><br>Қимылды ойын<br>**Сақина жасыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Арқан тарту» ойынын ойнату. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күзбен қыстың айырмашылығын зерттеу.<br>**(зерттеу іс-әрекеті)**<br>Қыс туралы көңілді әндерді тыңдап, еркін би қимылдарын жасату.<br>**(Музыка)**<br><br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»<br>Еркін ойындар | сұйықтықтардың қатуын бақылау.<br>Айырмашылықтарын анықтау. Және ертеңге дейін қалдырып, қандай өзгерістер болатынын зерттеу.<br>**(зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойындар.**<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>«Арқан тарту» ойынын ойнату. | үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру.<br><br>Қысқы орманды лего құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу<br>**(танымдық іс-әрекеті)**<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Қимылды ойын<br>**Қыз –қуу** | Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»<br><br>Бақша ауласындағы ағаштарды бақылау.**(танымдық, еңбек іс-әрекет)**<br><br>Қимылды ойын<br>**Түйілген орамал.** | Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»<br><br>Қимылды ойын<br>**Сақина жасыру** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасауы<br>Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту.<br>Ата-аналарға баланың қыс мезгілі туралы не білетінін сұрауын ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну. | | | | |

**Тексерген: Конопьянова А.К**